

Бекітемін:

«Қаракүм» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

директоры м.у.а.

А.Амирханова

« 29 » 08 2023 жыл



Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Қаракүм» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2023-2024 оқу жылындағы «Балапан», «Айналайын», «Қарлығаш», «Еркетай» топтарына арналған би өнерінің перспективалық жоспары.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекеттің перспективалық жоспары.

Ай аттары	Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Хореография	Билер. Би кимылдарының сапасын жақсарту. Кезек -кезек екі аякпен және бір аякпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден , жұп-жұппен ырғақты кимылдар орындау. Би шығармашылығы. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би кимылдарын , өз бетінше орындауына , таныс би кимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.
Қазан	Хореография	Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би кимылдарының қарапайым элементтерін орындау ,ойындарда таныс би кимылдарын қайталау. Би шығармашылығы. Би кимылдарын ойындағы музыкалық кимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру ,музыканың кимылдық сипатына қарай жеңіл ырғақты жүгіру кимылдық сипатына қарай жеңіл ырғақты жүгіру.
Қараша	Хореография	Билер. Музыканың ырғағын нақты бере отырып , қос аякпен еркін және жеңіл секіру, кимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру,музыканың екінші бөлігінде кимылдарды өзгерту,музыканың көңілді ,ойнақы сипатын қабылдау,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Би шығармашылығы. Билер әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін би кимылдарын бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би кимылдарының және билердің атауларын есте сақтау.
Желтоқсан	Хореография	Билер. Жеңіл , ырғақтыпен қозғалу , жұппен би кимылдарын орындау. Билерде ойындағы музыкалық кимылдарды қолдану. Би шығармашылығы. Би кимылдарын атрибуттармен орындау ,қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.

Қантар	Хореография	Билер. Би кимылдарын қосалқы және ауыспалы кадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Би шығармашылығы. Билер музыкаға сәйкес орындалатын би кимылдарын білу, би кимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытының музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.
Ақпан	Хореография	Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән – күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатыр. Би шығармашылығы. Таныс би кимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би кимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.
Наурыз	Хореография	Билер. Би өнері өзінің эстетикалық саласында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман мұраттарын бейнелейтін кимылдар жүйесін құрайтынын түсіндір. Би шығармашылығы. Би адамның көңіл күйіне негізделген, музыкалық ырғаққа бағынышты, түрлі кимылдар тізбегімен бейнелейтін өнер. Биде адам баласына тән әсемдік пен әдемілік, өмірге деген көзқарасы мен көңіл күйі көрініс табады.
Сәуір	Хореография	Билер. Би жалпы дамытушы жаттығулардың өзіндік ерекшеліктері бар, қолмен сермеп, жеңіл бір қалыпты орындалады. Иілу дененің, бастың, қолдың үлгермеген кимылымен үйлеседі. Би шығармашылығы. Балаларға бидің қарапайым негіздері туралы түсінік беру, иілгіштік пен айнаруды дамыту, тепе – теңдікті сақтай білуге, музыкалық шығармаларға сәйкес кейіптенуге, қарапайым хореографиялық композицияларды есте сақтай білу.
Мамыр	Хореография	Бидің шеберлігін, иілгіштігін, тазалығын сақтайтын академиялық мәнер оқыту жүйесінің тамыры ретінде классикалық би болып саналады. Би шығармашылығы. Би өнерінің түрлі өзгерістері дами келе, өзінің қазіргі күйіне жетті. Әр бір заман ағымы өз өзгерістерін енгізеді. Балалар жан жақты қабілетті болулары қажет, ал би денсаулықтың қайнар көзі болып табылады.